

Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА



2025 жылдың қаңтар-желтоқсан аралығы

Негізгі үрдістер

- 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара тауар айналымы 3,0%-ға төмендеп, \$27,4 млрд-ты құрады. Бұл көрсеткішке экспорттың қысқаруы (-14,8%) мен импорттың бір мезгілде өсуі (+3,5%) тікелей әсер етті. Мұндай динамика тауар айналымы негізінен импорт есебінен қолдау табатын тұрақты асимметриялық сауда ағынының қалыптасқанын айғақтайды.
- Осының нәтижесінде Қазақстанның тауар айналымындағы РФ үлесі 19%-ға дейін (бір жыл бұрынғы 20%-дан) төмендеді. Бұл ең алдымен экспорттағы үлестің қысқаруымен (12%-дан 10%-ға дейін) негізделсе, импорттағы төмендеу қарқыны анағұрлым бәсең болды (31%-дан 30%-ға дейін).
- Экспорттың төмендеуі құрылымдық сипатқа ие болды және қосылған құны жоғары негізгі тауар топтарында байқалды. Соның ішінде: химия өнімі (-\$565,3 млн), көлік құралдары (-\$434,9 млн), минералды өнімдер (-\$286,3 млн) және металдар (-\$279,7 млн) экспорты айтарлықтай қысқарды.
- Сонымен қатар, мал және өсімдік шаруашылығы өнімдері (+\$96,0 млн) мен бағалы металдар (+\$105 млн) сияқты сегменттерде жеткізілім көлемінің өсуі байқалды. Экспорт құрылымы әлі де болса әлсіз диверсификацияланған күйінде қалып отыр.
- Экспортқа қарағанда, Ресей Федерациясынан келетін импорттың өсуі тауар топтарының кең спектрі, оның ішінде минералды өнімдер (+\$482,3 млн), азық-түлік тауарлары (+\$252,8 млн) және бағалы металдар (+\$256,7 млн) бойынша жеткізілімдердің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді (төменде қараңыз). Сонымен қатар, импорттың өсуіне баға факторлары (соның ішінде РФ-дағы азық-түлік пен отын бағасының қымбаттауы), сондай-ақ жеткізілімдердің физикалық көлемінің артуы бірдей әсер етті.

- Рубльдің теңгеге қатысты нығаюына (30,5%-ға) қарамастан, ресейлік тауарлардың бағалық басымдығының сақталуы (KZTRUB айырбас бағамының индексі жыл қорытындысы бойынша 100-ден жоғары болып, 106,1 тармаққа тұрақтады) инфляциялық динамика мен өндірістік шығындардағы құрылымдық айырмашылықтарды көрсетеді. Бұл РФ-нан келетін импорттың бәсекелестік позицияларын қолдауды жалғастырып, импортты алмастыру әлеуетін шектейді.
- Қалыптасқан динамика РФ-мен арадағы теріс сауда балансының \$9,0 млрд-тан \$11,1 млрд-қа дейін (+22,9%) айтарлықтай ұлғаюына алып келді. Бұл Қазақстанның төлем балансына қысым түсіруші факторлардың біріне айналды.
- Сонымен қатар, РФ-мен сауда операциялары бойынша есеп айырысулардағы рубль үлесінің өсуі жалғасты (төменде қараңыз). Бұл екіжақты сауданың одан әрі дедолларизациялануын айғақтайды, әрі сонымен бірге РФ экономикасындағы өзгерістердің ҚР-ға трансмиссиясын күшейтеді.
- Осылайша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Ресей Федерациясымен сауда қатынастары құрылымдық дисбаланстың тереңдеуімен және ресейлік тауарларға тәуелділіктің күшеюімен сипатталады.
- Қысқа мерзімді перспективада бұл дисбаланстар сақталуы ықтимал. Рубльдің теңгеге қатысты әлсіреуі (жыл басынан бері -6,5%) ресейлік тауарлардың бағалық басымдығын қамтамасыз етеді. Бұл ретте, экономиканы диверсификациялау және ішкі өндірісті дамыту бойынша шаралар іске асырылмаса, импортқа тәуелділік жоғары деңгейде қалып, сауда балансына, инфляцияға және валюта нарығына қысым көрсетуді жалғастырады.

Қазақсанның РФ-мен сауда айналымы




РФ-мен сауда айналымы құрылымы




РФ-дағы баға өсімі және инфляция динамикасы

РФ-нан әкелінетін тауарлар бағасының өзгерісі, мың теңге




ҚР-дағы және РФ-дағы инфляция




РФ-мен экспорттық-импорттық төлемдер

РФ-мен операциялары бойынша төлемдер құрылымы, млрд долл.



Дереккөз: ҚРҰБ, РФОБ, ҚР СЖРА ҰСБ, ЕЭК

Ресеймен рубльдік тауар айналымы және KZTRUB бағамы



© Қазақстан Қаржыгерлер Қауымдастығы, 2026

Резюме

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның Ресеймен сауда қатынастары құрылымдық нашарлау фазасына өтті. Өзара тауар айналымының салыстырмалы түрде жоғары деңгейде (\$27,4 млрд) сақталуына қарамастан, экспорт пен импорт арасындағы дисбаланс күшейіп келеді (дефицит \$9,0 млрд-тан \$11,1 млрд-қа дейін ұлғайды).

Екіжақты сауда динамикасы барған сайын Қазақстанның ішкі сұранысымен айқындалуда, ал Ресей Федерациясына бағытталған экспорттық құрамдас өз позицияларын жоғалтуда. Бұл жоғары экономикалық өсімді (ЖІӨ — 6,5%) қамтамасыз етудегі экспорттық шектеулі рөлін және оны қолдаудағы импорт үлесінің артуын көрсетеді.

Жылдың басты ерекшелігі — сауданың сапалық құрылымының нашарлауы болды. Қосылған құны жоғары өнімдердің жеткізілімі қысқарып, шикізаттық және табыстылығы төмен санаттардың рөлі күшейіп келеді.

Бұл ресейлік нарықтағы қазақстандық тауарлар бәсекеге қабілеттілігінің төмендегенін және экспортты диверсификациялаудағы ілгерілеудің шектеулі екенін айғақтайды.

Қалыптасып жатқан сауда моделі сыртқы макроэкономикалық тәуекелдердің күшеюімен ұласуда. Оған қоса, есеп айырысулардағы рубль үлесінің артуы Ресей Федерациясы экономикасындағы өзгерістердің Қазақстанға трансмиссиясын нығайта түседі.

Осындай жағдайда сауданың алдағы динамикасы айтарлықтай дәрежеде экономиканың ішкі өндірісті дамыту және экспорттық базаны кеңейту арқылы бейімделу қабілетіне байланысты болады. Құрылымдық өзгерістерсіз сауда ағындарының қазіргі конфигурациясы импортқа тәуелділікті бекітіп, сыртқы дисбаланстарды күшейте отырып сақталады.